**НҰРҒАЗЫ ШЫҢҒЫС ӘСКЕРБЕКҰЛЫ**

«8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

**АҢДАТПА**

# ТАҚЫРЫБЫ: «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ: ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздік жүйесінің іргелі, құрылымдық элементтерінің бірі болып қана қоймай, ең алдымен адамның қауіпсіздігі, оның базалық өмірлік қажеттіліктерін толық әрі тұрақты қанағаттандыру деңгейімен тікелей ұштасатын көпқырлы әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қарастырылады. Заманауи мемлекеттік басқару теориясында азық-түлік қауіпсіздігі әлеуметтік-экономикалық жүйенің ішкі тұрақтылығы мен қоғамның ұзақ мерзімді өміршеңдігін айқындайтын стратегиялық индикаторлардың бірі ретінде пайымдалады, сондықтан оны қамтамасыз ету механизмі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының шоғырланған өрісі болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығын дамытуға стратегиялық басымдық беріп, саланы жаңа деңгейге көтеру үшін мемлекеттік қолдауды күшейту, қаржының тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету, инновациялар мен инвестицияларды тарту, сондай-ақ толық өндірістік және логистикалық тізбекті қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі – халықтың азық-түлік ресурстарына физикалық тұрғыдан үздіксіз және тең қолжетімділігін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар аз белгіліық-түлікпен қамтамасыз етудің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен төзімділігін қалыптастыратын институционалдық және экономикалық алғышарттарды жүйелі түрде нығайту болып табылады. Мұндай тұрақтылық, өз кезегінде, өндіріс, логистика, сақтау, өңдеу және тарату тізбектерінің тиімді, үйлесімді және үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін басқарушылық шешімдердің сапасына тікелей тәуелді.

Сонымен бірге, мемлекеттік саясаттың аса маңызды әрі сезімтал бағыты – азаматтардың сапалы және қауіпсіз азық-түлік өнімдеріне экономикалық қолжетімділігін арттыру, яғни халықтың табыс деңгейі, тұтыну құрылымы, баға динамикасы, мемлекеттік қолдау шаралары, сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға арналған әлеуметтік қорғау және қауіпсіздік желілерінің ауқымы мен тиімділігі секілді параметрлерді тұрақты түрде мониторингтеу, бағалау және реттеу арқылы қамтамасыз етілетін күрделі басқару процесі.

Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек ауыл шаруашылығын жекелей дамыту мәселесімен шектелмейтін, экономикалық, институционалдық, әлеуметтік және құқықтық механизмдер кешенін қамтитын,

көпдеңгейлі, көпсалалы және ұзақ мерзімді мемлекеттік басқару процесі болып табылады.

2024 жылғы есептерге сәйкес, әлемде шамамен 673 миллион адам аштықтан зардап шегеді. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі алдағы 50 жыл ішінде де өзектілігін жоғалтпайтыны белгілі. Мұның басты себебі – азық-түлікке деген сұраныстың артуы экономикалық даму қарқыны, биоотынға деген сұраныстың өсуі, климаттың өзгеруі, су ресурстарының жетіспеушілігі, сондай-ақ экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты азық-түлік өндірісі көлемінің қысқаруымен қарама-қайшылыққа түсіп отырғанында. Осыған байланысты азық-түлік өндірісін, оны өңдеу, тарату және қолжетімділікті қамтамасыз ету әдістерін жетілдіру азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты қамтамасыз етудің шешуші факторы ретінде айқындалады.

Халықаралық азық-түлік саясаты институтының (IFPRI) 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасына сәйкес, барлық адамдардың азық-түлікке экономикалық және физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді перспективада тұрақты өндіріс көлемін сақтау және осы өндірістің институционалдық негіздерін нығайту қажет деп есептеледі.

Қазақстан контексінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігі ішкі (әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, инфрақұрылымдық шектеулер, табыстың жеткіліксіз әртараптандырылуы, импортқа тәуелділік) және сыртқы (баға құбылмалылығы, логистикалық тәуекелдер, климаттық өзгерістер, геосаяси белгісіздік) сын-қатерлердің күшеюімен арта түсуде. Осыған байланысты зерттеу жұмысы, бір жағынан, азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу саласындағы теориялық-әдістемелік тәсілдерді жүйелеуге және жетілдіруге, екінші жағынан, қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін кешенді бағалауға және ұлттық ерекшеліктерді ескеретін басқару моделін ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты ғылыми негізде жетілдіруге, әлеуметтік әл-ауқат пен экономикалық тұрақтылықты арттыруға және ұлттық қауіпсіздік архитектурасын нығайтуға практикалық үлес қосуға бағытталған.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің төмен табысты отбасылардың әл-ауқатына әсерін кешенді түрде талдау және осы байланыс негізінде мемлекеттік басқару жүйесінің әдістемесі мен тәжірибесін жетілдіру бағыттарын айқындау.

Қойылған мақсатқа байланысты келесідей **міндеттерді** шешу көзделеді:

1) Азық-түлік қауіпсіздігі, халықтың әл-ауқаты және төзімділік ұғымдары бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты, жүйелі библиографиялық және теориялық шолу арқылы, негізгі тұжырымдамалық тәсілдері мен талас тудыратын мәселелерді айқындау.

2) Шет мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару тәжірибесін талдау, институционалдық ерекшеліктерді, қалыптасу алғышарттары мен негізгі ықпал етуші факторларды анықтау және олардың Қазақстан жағдайында бейімделу және қолданылу әлеуетін бағалау.

3) Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтарын эмпирикалық зерттеуге арналған әдіснамалық негізді әзірлеу, оның шеңберінде деректерді жинау құралдарын, іріктеу шеңбері мен стратегиясын, сондай-ақ деректерді талдаудың статистикалық және эконометрикалық әдістерін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

4) Азық-түлік қауіпсіздігі мен төмен табысты отбасылардың әл-ауқаты арасындағы өзара байланысты эмпирикалық тұрғыдан зерттеу, бұл байланыста төзімділіктің медиаторлық рөлін және мемлекеттік қолдау шараларының модераторлық әсерін көпфакторлы модельдер негізінде бағалау.

5) Жүргізілген теориялық және эмпирикалық талдау нәтижелері негізінде ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу, азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясат пен әлеуметтік қолдау бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар келтіру.

**Зерттеу объектісі –** Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік басқару жүйесі.

**Зерттеу пәні:** Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін, халықтың төмен табысты үй шаруашылықтарының азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқаты, төзімділігі және мемлекеттік қолдауға байланысты туындайтын әлеуметтік- экономикалық және басқарушылық қатынастардың жиынтығы.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері:** Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін азық-түлік қауіпсіздігі проблематикасына арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектердің кең ауқымды корпусы құрайды. Талдауға қолданылған ғылыми дереккөздер Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі саясатының эволюциясын, оның институционалдық, әлеуметтік-экономикалық және басқарушылық қырларын кешенді түрде пайымдауға, сондай-ақ осы саладағы негізгі теориялық бағыттар мен зерттеу парадигмаларын салыстырмалы тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу шеңберінде 1984 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңді қамтитын 40 жылдық ғылыми әдебиет массиві қарастырылып, бұл уақыт аралығы азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы теориялық және эмпирикалық ізденістер динамикасын, олардың кезеңдік ерекшеліктері мен даму үрдістерін терең түсіндіруге жағдай жасады.

Ғылыми әдебиетті жүйелеу және құрылымдық талдау мақсатында VOSviewer, Bibliometrix (R-package) сияқты библиометриялық және визуализациялық құралдар пайдаланылды. Аталған бағдарламалық қамтамасыз ету ғылыми дискурста қалыптасқан жетекші зерттеу бағыттарын, тұжырымдамалық тораптар мен тақырыптық кластерлерді, жиі дәйектелетін авторлар мен мақалаларды, сондай-ақ «азық-түлік қауіпсіздігі – әл-ауқат – төзімділік – мемлекеттік қолдау» өзара байланыс өрісіндегі ғылыми мектептер мен зерттеу желілерін идентификациялауға және картографиялауға мүмкіндік берді.

Ұсынылған зерттеу моделі мен тұжырымдалған гипотезалардың эмпирикалық жарамдылығын тексеру үшін Stata, SmartPLS және Process Macro сияқты статистикалық және эконометрикалық бағдарламалық жасақтама кешені

қолданылды. Аталған құралдар деректерді алдын ала өңдеу, мультиколлинеарлықты диагностикалау, өлшемдік модельдердің валидтілігі мен сенімділігін бағалау, құрылымдық қатынастарды тестілеу, сондай-ақ медиаторлық және модераторлық әсерлерді талдау сияқты күрделі аналитикалық міндеттерді ғылыми стандарттарға сай орындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық базасы Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтары арасынан іріктелген респонденттерден жиналған сандық деректерге негізделеді. Деректер жинау әдістемесі сауалнама құрастыру, іріктеу стратегиясын айқындау және далалық кезеңді ұйымдастыру тұрғысынан халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкес келетіндей түрде әзірленіп, алынған нәтижелердің репрезентативтілігі мен ғылыми сенімділігін, сондай-ақ оларды интерпретациялаудың әдіснамалық негізділігін қамтамасыз етеді.

**Диссертацияның ғылыми жаңалығы келесідей:**

1) Жүргізілген кең ауқымды әдеби шолу мен библиометриялық талдау негізінде Good Governance Theory (GGT) мен Resilience Theory (RT) тұжырымдамалары интеграцияланып, азық-түлік қауіпсіздігі, төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты, төзімділік және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара байланыстарды жүйелі сипаттайтын жаңа теориялық-парадигмалық платформа ұсынылды. Бұл интеграциялық тәсіл зерттеу мақсатына сәйкес төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын талдауға арналған аналитикалық модельді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

2) Зерттеу міндеттеріне сай әртүрлі елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны мемлекеттік басқару саласындағы тиімді институционалдық тәжірибелері жүйеленіп, сол негізде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған салыстырмалы-талдамалық негізделген саясаттық ұсыныстар кешені әзірленді.

3) Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтары туралы жиналған эмпирикалық деректерге сүйене отырып, олардың азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқатына әсер ететін факторларды кешенді бағалауға мүмкіндік беретін авторлық құрылымдық модель ұсынылды. Бұл модель зерттеу объектісі мен пәніне сәйкес азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат, төзімділік және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара әрекеттесу логикасын сандық түрде бейнелейді.

4) Зерттеу нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігі мен халықтың (төмен табысты үй шаруашылықтарының) әл-ауқаты арасындағы байланысты түсіндіретін жаңа тұжырымдамалық-эмпирикалық үлгі әзірленді. Аталған үлгі шеңберінде төзімділіктің медиаторлық рөлі және мемлекеттік қолдау шараларының модераторлық әсері алғаш рет Қазақстан деректері негізінде бейімделген кешенді құрылымдық модель арқылы эмпирикалық түрде дәлелденді. Модель азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа тікелей емес, жанама (төзімділік арқылы) әсер ететінін, ал мемлекеттік қолдаудың осы жанама байланыстардың қарқындылығын күшейтетінін көрсетеді.

5) Зерттеу мақсаты мен эмпирикалық модель нәтижелеріне негізделе отырып, Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың тиімділігін көтеру үшін ғылыми негізделген басқарушылық

ұсыныстардың кешенді жүйесі әзірленді. Зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жобалау мен іске асыруда дәлелді басқару (evidence-based policy making) қағидаттарын қолдануға мүмкіндік беретін аналитикалық негіз ұсынады.

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы:** Диссертациялық зерттеу азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат, төзімділік және мемлекеттік қолдау салаларындағы теориялық және практикалық үлестерді ұсынады.

Зерттеу азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа әсерін зерттеу арқылы осы саладағы ғылыми әдебиетті толықтырады. Мемлекеттік қолдау және Good Governance Theory-ларын біріктіру арқылы негізгі факторлар анықталып, олардың өзара байланысы зерттелді. Библиометриялық әдістерді қолдану нәтижесінде төрт негізгі білім кластері анықталды, бұл ғылыми коммуникацияны жақсартуға және зерттеушілерге өз жұмыстарын жүйелі түрде жобалауға көмектеседі. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік қолдаудың азық-түлік жүйесінің тұрақтылығына әсерін модератор ретінде қарастырады. Бұл тәсіл ғылыми зерттеулердің ашықтығы мен дәлдігін арттыруға, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін тәжірибеде тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Зерттеу мемлекеттік басқару органдарына және ауыл шаруашылығы саласындағы мамандарға азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты стратегиялық шешімдер қабылдауда маңызды құрал бола алады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері азық-түлік жүйесінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған саясаттарды әзірлеуге көмектеседі. Бұл климаттық өзгерістерге бейімделу стратегияларын енгізу, фермерлер арасындағы кооперацияны дамыту және ауылдық аймақтардағы әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталған шараларды қамтиды. Сонымен қатар, цифрлық платформалар мен инновациялық технологияларды енгізу арқылы азық-түлік жеткізілімін бақылау және ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін шешуге болады. Жалпы, зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділікті арттыруға бағытталған басқару шешімдерін әзірлеуге және мемлекеттік қолдауды нығайтуға ықпал етеді.

**Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.**

Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер мен қорытындылар 7 ғылыми жұмыста көрініс тапты, оның 1- нөлдік емес импакт факторы бар журналда жарияланған ғылыми мақала және Scopus деректер базасына енгізілген, 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда жарияланды, 2 мақала-материалдарда көрсетілген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарық көрді.

Автор диссертация тақырыбы бойынша арнайы біліктілік пен практикалық тәжірибесі бар болғандықтан, диссертацияны дайындаудың барлық кезеңдерінде өз бетінше зерттеу жүргізді.